

ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ӨҢДЕУ САЯСАТЫ

цифрлық сервис аясындағы

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Дербес деректерді өңдеу саясаты (бұдан әрі – Саясат) superbereke.kz доменінде орналастырылған цифрлық сервис (бұдан әрі – Сервис) пайдаланушыларының дербес деректерін жинау, жазу, жүйелеу, жинақтау, сақтау, нақтылау (жаңарту, өзгерту), пайдалану, беру (оның ішінде трансшекаралық беру), иесіздендіру, бұғаттау, өшіру және жою тәртібі мен шарттарын айқындайды.

1.2. Дербес деректер операторы:

Жеке кәсіпкер Бухарова Алена Дмитриевна

ОГРНИП: 322723200043132

ЖСН: 721503832305

Тіркелген жері: Ресей Федерациясы

Хат алмасу мекенжайы: 625046, Ресей, Тюмень облысы, Тюмень қ., Широтная көш., 152-үй, 20-пәтер

Дербес деректер мәселелері бойынша жолданымдарға арналған электрондық пошта: tenders@pinks.agency
(бұдан әрі – Оператор).

1.3. Сервисті Оператор өз бетінше, «Bereke Bank» АҚ (Lesh Bank LLC (Public) ЕБ) (бұдан әрі – Банк) компаниясымен серіктестік өзара іс-қимыл аясында, тараптар келіскен тәртіппен Банктің фирмалық стилі/атауы/тауар белгілері элементтерін пайдалана отырып іске асырады. Аталған элементтерді пайдалану Банк Сервисті ұсынатынын немесе пайдаланушылардың дербес деректерін өңдейтінін білдірмейді.

1.4. Банк Сервис пайдаланушыларының дербес деректерінің операторы саналмайды, пайдаланушылардың дербес деректерін жинамайды, сақтамайды және өндемейді, сондай-ақ жүктелетін кескіндерге және пайдаланушылардың өзге де дербес деректеріне қол жеткізе алмайды.

1.5. Сервис маркетингтік және ақпараттық-ойын-сауық сипатқа ие және банктік қызмет, қаржылық өнім, төлем қызметі немесе банктік шарт жасасу туралы ұсыныс саналмайды.

1.6. Саясат Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарын, оның ішінде «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, сондай-ақ өңдеуді жүргізетін тұлға ретіндегі Оператордың мәртебесі мен міндеттері бөлігінде Ресей Федерациясының қолданыстағы заңнамасын ескере отырып әзірленді.

1.7. Пайдаланушы Саясатпен танысқан және қажетті келісімдерді берген (келісім талап етілетін жағдайларда) кезде ғана Сервисті пайдалануға рұқсат етіледі.

2. Терминдер мен анықтамалар

2.1. Пайдаланушы – Сервис мүмкіндіктерін қолданатын жеке тұлға.

2.2. Дербес деректер – дербес деректер субъектісіне қатысты айқындалған немесе айқындалуы мүмкін мәліметтер.

2.3. Биометриялық дербес деректер – адамның жеке басын анықтауға мүмкіндік беретін физиологиялық ерекшеліктерін сипаттайтын мәліметтер (оның ішінде Сервис кескінді өңдеу үшін пайдаланатын көлемдегі бет бейнесі).

2.4. Өңдеу нәтижесі – Пайдаланушы жүктеген кескін негізінде жасанды интеллект технологияларын қолдану арқылы жасалған кескін.

3. Дербес деректерді өңдеу қағидаттары

3.1. Оператор дербес деректерді мынадай қағидаттар негізінде өңдейді: заңдылық пен әділеттілік; алдын ала айқындалған мақсаттар үшін ғана өңдеу; артық деректерді өңдеуге жол бермеу; сақтау мерзімдерін шектеу; құпиялылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

3.2. Оператор барынша азайту қағидатын ұстанады: тек Сервистің жұмыс істеуіне объективті түрде қажетті деректер ғана өңделеді.

4. Дербес деректерді өңдеу мақсаттары

4.1. Дербес деректер тек мына мақсаттарда өңделеді::

4.1.1. Сервисті Пайдаланушыға қолжетімді ету;

4.1.2. жүктелген кескінді жасанды интеллект технологиялары арқылы түрлендіру;

4.1.3. Пайдаланушыға Өңдеу нәтижесін қалыптастыру және ұсыну;

4.1.4. Сервистің техникалық жұмысын қамтамасыз ету, қателерді диагностикалау және тұрақтылығын арттыру;

4.1.5. Сервисті теріс немесе жосықсыз мақсатта пайдаланудың алдын алу, сондай-ақ автоматтандырылған сұраулардан (боттардан) қорғау;

4.1.6. ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

4.1.7. қолданылатын заңнама талаптарын сақтау.

4.2. Дербес деректер банктік өнімдерді ілгерілету үшін пайдаланылмайды және Банкке берілмейді.

4.3. Жүктелетін кескіндер мен Өңдеу нәтижелері жасанды интеллект модельдерін оқыту (machine learning training / model improvement) немесе датасет ретінде қолданылмайды.

5. Өңделетін дербес деректердің тізбесі

5.1. Оператор деректердің мынадай санаттарын өңдейді:

5.1.1. Пайдаланушы жүктейтін кескін (фотосурет);

5.1.2. биометриялық дербес деректер (бет бейнесі);

5.1.3. құрылғы және бағдарламалық орта туралы техникалық мәліметтер (құрылғы түрі, браузер) – жұмыс істеу және қауіпсіздік үшін қажетті көлемде;

5.1.4. cookies файлдары арқылы алынатын деректер – Сервис функционалында және cookies пайдалану саясатында (бар болған жағдайда) көзделген көлемде.

5.2. Оператор биометриялық деректерді Сервис функционалын ұсыну үшін қажетті көлемде өңдеуді қоспағанда, дербес деректердің арнайы санаттарын өңдемейді.

5.3. Пайдаланушының IP-мекенжайы технологиялық жеткізушіге берілмейді (7-бөлімді қараңыз).

6. Өңдеудің құқықтық негіздері

6.1. Дербес деректерді өңдеу мынадай негіздер бойынша жүргізіледі:

6.1.1. Пайдаланушының келісімі (рұқсаты);

6.1.2. Пайдаланушы шартын орындау қажеттілігі (Сервис функционалын ұсыну);

6.1.3. қолданыстағы заңнама талаптары.

6.2. Биометриялық дербес деректерді өңдеу тек Пайдаланушының бөлек келісімі болған кезде ғана іске асады.

6.3. Трансшекаралық беру тек Пайдаланушының бөлек келісімі болған кезде ғана жүргізіледі (8-бөлімді қараңыз).

7. Үшінші тұлғаларды тарту және технологиялық шешімдерді пайдалану

7.1. Сервистің жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін Оператор Google (Gemini API) компаниясын Оператордың тапсырмасы бойынша деректерді өңдеуші (processor) ретінде тартады.

7.2. Аталған тұлғаға деректерді беру деректерді өңдеу туралы келісім-шарт (Data Processing Addendum) және/немесе тиісті сервисті ұсынудың қолданыстағы шарттары негізінде жүргізіледі (тапсырма бойынша деректерді өңдеу бөлігінде).

7.3. Технологиялық жеткізушіге Пайдаланушының аты-жөні/байланыс деректері көрсетілмеген және метадеректерсіз тек цифрлық кескін ғана беріледі, бұл ретте Пайдаланушының IP-мекенжайы технологиялық жеткізушіге жіберілмейді.

7.4. Оператор өңдеу аяқталғаннан кейін технологиялық жеткізушіде жіберілген кескіндердің сақталуын (қолданылатын болса, no data retention режимі), сондай-ақ берілген деректерді модельдерді оқыту үшін пайдалануын болдырмауға бағытталған баптаулар мен ұйымдастыру шараларын қолданады.

7.5. Оператор барынша азайту қағидатын, өңдеу мақсаттарын және заңнама талаптарын сақтау шартымен өзге де үшінші тұлғаларды (хостинг-провайдерлерді, инфрақұрылым жеткізушілерін, қорғау құралдарын жеткізушілерді) тартуға құқылы..

8. Дербес деректерді трансшекаралық беру

8.1. Оператордың Ресей Федерациясында тіркелуіне, сондай-ақ Google технологиялық инфрақұрылымын пайдалануына байланысты дербес деректер мына мемлекеттерге трансшекаралық берілуі мүмкін:

- Ресей Федерациясы;
- Америка Құрама Штаттары.

8.2. Трансшекаралық беру тек Пайдаланушының бөлек келісімі болған кезде ғана жүргізіледі.

8.3. Пайдаланушы аталған мемлекеттердің заңнамасы Қазақстан Республикасының заңнамасынан өзгеше болуы мүмкін екені туралы хабардар етілген.

9. Сақтау мерзімдері және жою тәртібі

9.1. Пайдаланушы жүктеген бастапқы кескін Оператордың/Банктің дерекқорларында сақталмайды және технологиялық өңдеу процесі аяқталған соң автоматты түрде жойылады.

9.2. Өңдеу нәтижесі Оператордың ақпараттық жүйесінде жасалған сәттен бастап 1 (бір) айдан аспайтын мерзім ішінде сақталады, содан кейін Пайдаланушыға қосымша хабарланбастан автоматты түрде жойылады.

9.3. Сервис аясында өңделетін дербес деректер (жүктелетін кескіндер мен Өңдеу нәтижелері бөлігінде) архивтеудің стандартты рәсімдері шеңберінде резервтік көшірмелеуге жатпайды.

9.4. Өңдеу нәтижелерін Оператор ашық қолжетімді жерде (галереялар, топтамалар, ленталар және т.б.) жарияламайды. Пайдаланушы оларды өз бетінше таратпаған жағдайда, олар тек Сервис интерфейсі арқылы Пайдаланушыға ғана ұсынылады.

10. Техникалық журналдар (логтар)

10.1. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қателерді диагностикалау және теріс пайдаланудың алдын алу мақсатында Оператор техникалық оқиғаларды (Сервис жұмысының журналдарын) тіркеуге құқылы.

10.2. Журналдарда жүктелген кескіндер қамтылмайды және Оператор оларды кескін арқылы Пайдаланушының жеке басын анықтау үшін пайдаланбайды.

11. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары

11.1. Оператор дербес деректерді қорғау үшін қажетті ұйымдастырушылық және техникалық шараларды қабылдайды, оның ішінде:

- қолжетімділікті шектеу;
- қорғалған деректерді беру арналарын пайдалану;
- ақпараттық жүйелерге қолжетімділікті бақылау;
- ақпаратты қорғау құралдарын қолдану;
- қауіпсіздік оқиғаларына мониторинг жүргізу және инциденттерге ден қою.

11.2. Ақпараттық қауіпсіздік инциденттері анықталған кезде Оператор ішкі рәсімдерге және қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес оларды оқшаулау және салдарын жою шараларын қабылдайды.

12. Дербес деректер субъектісінің құқықтары және жолданымдарды қарау тәртібі

12.1. Пайдаланушы:

- өз деректерінің өңделуі туралы ақпарат алуға;
- деректерді нақтылауды, бұғаттауды немесе жоюды талап етуге;

- келісімді кері қайтарып алуға;
- Қазақстан Республикасының уәкілетті органына жүгінуге құқылы.

12.2. Оператор дербес деректер субъектілерінің жолданымдарын алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде қарайды.

12.3. Деректерге заңсыз қол жеткізудің алдын алу мақсатында Оператор жолданымның тиісті дербес деректер субъектісіне тиесілі екенін растау үшін қажетті мәліметтерді сұратуға құқылы.

13. Келісімді кері қайтарып алу

13.1. Келісімді кері қайтарып алу осы Саясаттың 1.2-тармағында көрсетілген Оператордың электрондық поштасына өтініш жіберу арқылы жүргізіледі.

13.2. Келісімді кері қайтарып алу оны Оператор алған сәтке дейін жүргізілген өңдеудің заңдылығына әсер етпейді.

14. Қорытынды ережелер

14.1. Саясат жария құжат саналады және Сервис сайтында орналастырылады.

14.2. Оператор Саясатқа өзгерістер енгізуге құқылы. Саясаттың өзекті нұсқасы Сервис сайтында жарияланады. Жаңа редакция жарияланғаннан кейін Сервисті пайдалануды жалғастыру Пайдаланушының Саясаттың өзекті редакциясымен танысқанын білдіреді.

ПОЛИТИКА ОБРАБОТКИ ПЕРСОНАЛЬНЫХ ДАННЫХ

в рамках цифрового сервиса

1. Общие положения

1.1. Настоящая Политика обработки персональных данных (далее — **Политика**) определяет порядок и условия сбора, записи, систематизации, накопления, хранения, уточнения (обновления, изменения), использования, передачи (в том числе трансграничной), обезличивания, блокирования, удаления и уничтожения персональных данных пользователей цифрового сервиса, размещённого на домене superbereke.kz (далее — **Сервис**).

1.2. **Оператором персональных данных** является:

Индивидуальный предприниматель Бухарова Алена Дмитриевна

ОГРНИП: 322723200043132

ИНН: 721503832305

Место регистрации: Российская Федерация

Адрес для корреспонденции: 625046, Россия, Тюменская обл., г. Тюмень, ул.

Широтная, д. 152, кв. 20

Электронная почта для обращений по вопросам персональных данных:

tenders@pinks.agency

(далее — **Оператор**).

1.3. Сервис реализуется Оператором самостоятельно в рамках партнёрского взаимодействия с АО «Bereke Bank» (ДБ Lesh Bank LLC (Public)) (далее – Банк) с использованием (в том числе) элементов фирменного стиля/наименования/товарных знаков Банка в порядке, согласованном сторонами. Использование указанных элементов не означает, что Банк оказывает Сервис либо осуществляет обработку персональных данных пользователей.

1.4. **Банк не является оператором персональных данных** пользователей Сервиса, **не осуществляет сбор, хранение и обработку** персональных данных пользователей и **не получает доступ** к загружаемым изображениям и иным персональным данным пользователей.

1.5. Сервис носит маркетинговый и информационно-развлекательный характер и **не является банковской услугой**, финансовым продуктом, платёжной услугой либо предложением заключить банковский договор.

1.6. Политика разработана с учётом требований законодательства Республики Казахстан, включая Закон Республики Казахстан «О персональных данных и их

защите», а также применимого законодательства Российской Федерации — в части статуса и обязанностей Оператора как лица, осуществляющего обработку.

1.7. Использование Сервиса допускается при условии ознакомления пользователя с Политикой и предоставления необходимых согласий (в случаях, когда согласие требуется).

2. Термины и определения

2.1. **Пользователь** — физическое лицо, использующее функционал Сервиса.

2.2. **Персональные данные** — сведения, относящиеся к определённому или определяемому субъекту персональных данных.

2.3. **Биометрические персональные данные** — сведения, характеризующие физиологические особенности человека, позволяющие установить его личность, включая изображение лица (в объёме, используемом Сервисом для обработки изображения).

2.4. **Результат обработки** — изображение, сформированное с использованием технологий искусственного интеллекта на основании загруженного Пользователем изображения.

3. Принципы обработки персональных данных

3.1. Оператор осуществляет обработку персональных данных на основе принципов: законности и справедливости; обработки исключительно в заранее определённых целях; недопущения обработки избыточных данных; ограничения сроков хранения; обеспечения конфиденциальности и безопасности.

3.2. Оператор применяет принцип **минимизации**: обрабатываются только те данные, которые объективно необходимы для функционирования Сервиса.

4. Цели обработки персональных данных

4.1. Персональные данные обрабатываются исключительно в целях:

4.1.1. предоставления Пользователю функционала Сервиса;

4.1.2. преобразования загруженного изображения с использованием технологий искусственного интеллекта;

4.1.3. формирования и предоставления Пользователю Результата обработки;

4.1.4. обеспечения технической работоспособности Сервиса, диагностики ошибок и повышения устойчивости;

- 4.1.5. предотвращения злоупотреблений, недобросовестного использования, а также защиты от автоматизированных запросов (ботов);
- 4.1.6. обеспечения информационной безопасности;
- 4.1.7. соблюдения требований применимого законодательства.

4.2. Персональные данные **не используются** для продвижения банковских продуктов и **не передаются Банку**.

4.3. Загружаемые изображения и Результаты обработки **не используются для обучения** моделей искусственного интеллекта (machine learning training / model improvement) и не используются в качестве датасетов.

5. Перечень обрабатываемых персональных данных

5.1. Оператор обрабатывает следующие категории данных:

- 5.1.1. загружаемое Пользователем изображение (фотография);
- 5.1.2. биометрические персональные данные (изображение лица);
- 5.1.3. технические сведения об устройстве и программном окружении (тип устройства, браузер) — в объёме, необходимом для функционирования и безопасности;
- 5.1.4. данные, получаемые посредством файлов cookies, — в объёме, предусмотренном функционалом Сервиса и Политикой использования cookies (при наличии).

5.2. Оператор **не осуществляет обработку специальных категорий персональных данных**, за исключением биометрических данных в объёме, необходимом для предоставления функционала Сервиса.

5.3. IP-адрес Пользователя **не передаётся** технологическому поставщику (см. раздел 7).

6. Правовые основания обработки

6.1. Обработка персональных данных осуществляется на основании:

- 6.1.1. согласия Пользователя;
- 6.1.2. необходимости исполнения Пользовательского соглашения (предоставления функционала Сервиса);
- 6.1.3. требований применимого законодательства.

6.2. Обработка биометрических персональных данных осуществляется **исключительно при наличии отдельного согласия** Пользователя.

6.3. Трансграничная передача осуществляется **исключительно при наличии отдельного согласия** Пользователя (см. раздел 8).

7. Привлечение третьих лиц и использование технологических решений

7.1. Для обеспечения функционирования Сервиса Оператор привлекает Google (Gemini API) в качестве лица, осуществляющего обработку по поручению Оператора (processor).

7.2. Передача данных указанному лицу осуществляется на основании договора обработки данных (Data Processing Addendum) и/или применимых условий предоставления соответствующего сервиса (в части обработки данных по поручению).

7.3. В адрес технологического поставщика передаётся **исключительно цифровое изображение** без указания имени/фамилии/контактных данных Пользователя и **без метаданных**, при этом IP-адрес Пользователя технологическому поставщику **не передаётся**.

7.4. Оператор применяет настройки и организационные меры, направленные на исключение хранения переданных изображений у технологического поставщика после завершения обработки (режим **no data retention**, если применим), а также на исключение использования переданных данных для обучения моделей.

7.5. Оператор вправе привлекать иных третьих лиц (хостинг-провайдеров, поставщиков инфраструктуры, средств защиты), при условии соблюдения принципа минимизации, целей обработки и требований законодательства.

8. Трансграничная передача персональных данных

8.1. В связи с регистрацией Оператора в Российской Федерации, а также использованием технологической инфраструктуры Google, возможна трансграничная передача персональных данных в следующие государства:

- Российская Федерация;
- Соединённые Штаты Америки.

8.2. Трансграничная передача осуществляется **исключительно при наличии отдельного согласия** Пользователя.

8.3. Пользователь уведомлён, что законодательство указанных государств может отличаться от законодательства Республики Казахстан.

9. Сроки хранения и порядок уничтожения

9.1. Исходное изображение, загруженное Пользователем, **не подлежит сохранению в базах данных** Оператора/Банка и удаляется автоматически после завершения технологического процесса обработки.

9.2. Результат обработки хранится в информационной системе Оператора в течение срока, **не превышающего 1 (одного) месяца** с момента его создания, после чего подлежит автоматическому удалению без дополнительного уведомления Пользователя.

9.3. Персональные данные, обрабатываемые в рамках Сервиса, **не подлежат резервному копированию** в рамках стандартных процедур архивирования в части загружаемых изображений и Результатов обработки.

9.4. Результаты обработки **не публикуются Оператором** в открытом доступе (галереи, подборки, ленты и т.п.) и предоставляются Пользователю через интерфейс Сервиса, если Пользователь самостоятельно не осуществит их распространение.

10. Технические журналы (логи)

10.1. В целях обеспечения информационной безопасности, диагностики ошибок и предотвращения злоупотреблений Оператор вправе фиксировать технические события (журналы работы Сервиса).

10.2. Журналы не содержат загружаемых изображений и не используются Оператором для идентификации личности Пользователя по изображению.

11. Меры по обеспечению безопасности

11.1. Оператор принимает необходимые организационные и технические меры защиты персональных данных, включая:

- разграничение доступа;
- использование защищённых каналов передачи данных;
- контроль доступа к информационным системам;
- применение средств защиты информации;
- мониторинг событий безопасности и реагирование на инциденты.

11.2. При выявлении инцидентов информационной безопасности Оператор принимает меры по локализации и устранению последствий в соответствии с внутренними процедурами и требованиями применимого законодательства.

12. Права субъекта персональных данных и порядок рассмотрения обращений

12.1. Пользователь вправе:

- получать информацию об обработке своих данных;
- требовать уточнения, блокирования или удаления данных;
- отозвать согласие;
- обратиться в уполномоченный орган Республики Казахстан.

12.2. Оператор рассматривает обращения субъектов персональных данных в срок, не превышающий **30 (тридцати) календарных дней** с даты получения обращения.

12.3. В целях предотвращения неправомерного доступа к данным Оператор вправе запросить сведения, необходимые для подтверждения принадлежности обращения соответствующему субъекту персональных данных.

13. Отзыв согласия

13.1. Отзыв согласия осуществляется путём направления обращения на электронную почту Оператора, указанную в пункте 1.2 настоящей Политики.

13.2. Отзыв согласия не влияет на законность обработки, осуществлённой до момента его получения Оператором.

14. Заключительные положения

14.1. Политика является публичным документом и размещается на сайте Сервиса.

14.2. Оператор вправе вносить изменения в Политику. Актуальная версия Политики размещается на сайте Сервиса. Продолжение использования Сервиса после размещения новой редакции означает ознакомление Пользователя с актуальной редакцией Политики.